

**DD020300 – «Тарих» мамандықты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Пазилов Ержан
Джаркинбаевичтің «Кенестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

СЫН-ШҚІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі</p>	<p>Пазилов Ержан Джаркинбаевичтің «Кенестік кезеңдегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» атты диссертациялық жұмысы ғылымның даму бағыттарына және ҚР Үкіметінің 2012 жылы №683 қаулысымен бекітілген «Монокалаларды дамыту Бағдарламасына», 2018-2020 жылдар аралығындағы «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті», «Гүтан жер» және «Рухани жанғыру» атты мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болып табылады.</p> <p>1. Диссертация ҚР Ғылым және Жоғары білім Министрлігі тарапынан бағдарламалық-мақсатты қаржыландыруы бойынша «Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» (2018 – 2020) ғылыми бағдарламасы шеңберінде «Қазақстан монокала тұрғындарының әнгімелеріндегі әлеуметтік-мәдени біртейлік: Ащысай–Кентау мысалында. 1927 ж. – ХХІ ғ.б.» атты іргелі ғылыми-зерттеу жұмысы аясында орындалған.</p> <p>2 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2024-2026 жылдарға арналған ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» (2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы ғылымдар) атты басым бағытына сәйкес келеді.</p> <p>3 Диссертация ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысының «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.</p>

2	<p>Ғылымға маныздылығы</p> <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлес <u>қосады</u>/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған</p>	<p>Е.Д. Пазниовтың ұсынып отырған диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және маныздылығы ашылған.</p> <p>Біріншіден, жұмыс күнделікті өмір тарихы сияқты жаңа тарихи бағыт аясында орындалған. Күнделікті өмір тарихын зерттеу адам бағасының тарихтағы орнын түсінуде манызды, себебі, ол адамның әлеуметтік-тарихи тұрмысын, күнделікті өмірдегі қарым-қатынас, іс-әрекет нормаларының дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Кеңестік кезеңдегі кішігірім өндірістік қала Кентаулын мысалында автор тұңғыш рет күнделікті өмірге талдау жасайды. Жұмыста қала көркі, абақтандырылуы, тұрғын үй және азық-түлік мәселелері, жұмысшылардың күнделікті өмірі, отбасылық қарым-қатынас, қылмыс пен маскүнемдік және т.б аспектілер қарастырылған. Екіншіден, қатан идеологиялық шектеулердің алынуы, архив құжаттарының құпиясыздандырылуы зерттеушіге қала халқының күнделікті өмірінің бұрын зерттелмеген тұстарын қарастыруға мүмкіндік берген. Диссертациялық жұмыс тақырыбы өзекті болып табылады. Себебі, XX ғасырдың екінші жартысындағы кеңестік моноқала тарихын зерттеуге арналған. Бұл кезеңде Қазақстанның экономикалық саласында ғана емес, сонымен қатар этникалық, демографиялық, әлеуметтік құрылымында да түбегейлі өзгерістер болды. Жаңа билік, жаңа реформалар және басқа да өзгерістер күнделікті өмірге ықпал етіп, адамдардың күнделіктіліктері мен мінез-құлық нормаларына түзету енгізді.</p>
3	<p>Өзі жазу принципі</p> <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары! 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған; 	<p>Ізденушінің зерттеліп отырған мәселелері сінірген жеке еңбегі жоғары. Атап айтқанда, ізденуші Пазниов Ержан Джаркинбаевич диссертация тақырыбын зерттеу барысында кең көлемдегі ғылыми әдебиеттерді және архив құжаттарын қарастырып және жинақтап, оларға талдау жасаған. Осымен бірге, докторант архив қорлары бойынша жұмыс жасап, бірқатар құжат түрлерін ғылыми айналымға енгізген. Докторанттың ғылыми позициясының нақтылығы байқалады. Бұл докторанттың ұсынған жаңалықтары мен ұсынған қатидаттары, қорытындылары мен тұжырымдарын шығаруда нақты көрінеді. Сондықтан, зерттеу жұмысын ізденушінің жазу деңгейі жоғары деп санаймын.</p>
4	<p>Ішкі бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі күмен тұтызбайды және ғылыми негізделгенін баса айтуға болады.</p> <p>Біріншіден, диссертациялық жұмыс отандық тарихнамада «антропологиялық бетбұрысқа» жол ашқан ғылыми бағыттардың бірі – күнделікті өмір тарихы</p>

	3) негізделмеген;	<p>әдіснамасы аясында орындалған.</p> <p>Екіншіден, тақырып заманауи гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың танымал академиялық бағыты – урбанистикаға сәйкес келеді. Қалаларды зерттеу дәстүріне қарамастан, отандық ғылымда бұл тақырып өзектілігі мен сұранысын сақтап келеді. Әсіресе, Қазақстандағы урбанизациямен байланысты заманауи процестерді ескерсек, тарихи алғышарттар мен өткен тәжірибені зерделеу түсінікті және өте қажет болып табылады. Сондықтан, ізденушінің диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі жоғары деген тұжырым жасауға болады. Осымен бірге, зерттеу тақырыбының өзектілігін оның Отандық тарихнамада алғаш рет зерттеліп отырғандығымен айқындалады.</p>
	<p>4.2 Диссертация тақырыбы диссертация мазмұнын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды:</p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды;</p>	<p>Диссертацияның мазмұны және ондағы көтерілген мәселелер зерттеу жұмысының тақырыбына толық сәйкес келеді. Сондықтан, жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.</p>
	<p>4.3 Максаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді:</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді;</p>	<p>Ізденушінің тақырыпты зерттеу барысында алға қойған максаты нақты, әрі тақырыпқа толық сәйкес келеді. Алға қойған максатқа қол жеткізу үшін ізденуші нақты міндеттерді шешу жолдарын көздеген. Міндеттердің барлығы тақырыпқа сәйкес келеді және өздерінің шешімін тапқан. Себебі, ізденуші осы қойылған міндетке сәйкес қорғауға 11 ұсыныс жасап, олар бойынша нақты тұжырымдар шығарған.</p>
	<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ;</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы бір-бірімен толық логикалық байланысқан кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен 16 қосымшадан тұрады.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидастар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Ізденушінің енгізген жаңалықтары мен жаңа шешімдері дәлелденген. Зерттеуші Пазилгов Ержан Джаркинбаевич тақырыпты зерделеу барысында отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерін кенінен пайдаланған және оларға сыни талдау жасаған. Автордың өзіндік ұстанымы байқалады.</p>

	<p>1) сыни талдау бар: 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p>	
<p>5 Ғылыми жанашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қатидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысында ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қатидаттар толығымен жаңа деп бағалауға болады. Атап айтқанда, тұнғыш рет жаңа архивтік мәліметтер мен естеліктер негізінде Кентау қаласы тұрғындарының 1948 жылдан 1991 жылға дейінгі күнделікті өмірі зерттелген. Зерттеу пәні ретінде кенестік монокала Кентаудың архитектуралық көркі және инфрақұрылымы, тұрғын үй саясаты, отбасылық қарым-қатынастар, еңбектегі күнделікті өмір, азық-түлік және азық-түліктік емес жабдықтау, девианттық мінез-құлық, этнодемографиялық процестер сияқты бұрын зерттелмеген аспектілер алынған. Автор Кентау қаласындағы медициналық қызмет сапасы мен халықтың денсаулық деңгейі, білім беру мәселелері мен халықтың бос уақытын ұйымдастырумен байланысты проблемаларға жеке назар аударған, сонымен қатар Кентау қаласы мысалында «Біртұтас кенес халқын» құру бойынша саясатты іске асырудың кезеңдерін де зерттеген. Жалпы, алынған нәтижелер толығымен жаңа болып табылады, бұл автордың белгіленген кезеңде Қазақстандағы урбанизация процестерін зерттеуге қосқан жеке үлесін көрсетеді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>Тақырыпты зерттеудің нәтижесінде шығарылған қорытындыларды жаңа деп есептеймін. Жасалған қорытындылардың барлығы жұмыстың жоопарына, ізденушінің алға қойған мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың алынған нәтижелері 18 жарияланымда көрініс тапқан. Оның ішінде ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 мақала, шетелдік рецензияланған ғылыми журналдарда 4 мақала, отандық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда 3 мақала, «Scopus» базасына енген ғылыми журналда 1 мақала, 1 – ұжымдық монография.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық</p>	<p>Қорғауға ұсынылып отырған диссертация гуманитарлық бағыт бойынша дайындалған. Сондықтан, техникалық, технологиялық шешімдерді</p>

	<p>немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа:</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады);</p>	<p>талқылауды мақсат етпейді. Бұл бағалау өлшемі зерттеуге қолданылмайды.</p>
<p>6</p> <p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Тақырыпты зерттеу барысында шығарылған қорытындылардың барлығы нақты және ғылыми тұрғыдан негізделген. Ізденуші әрбір тараудың және тараушалардың соңында нақты қорытындылар жасаған.</p>
<p>7</p> <p>Қорғауға шығарылған негізгі қағида-тұжырымдар</p>	<p>Әр қағида-тұжырымға келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида-тұжырым дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді:</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) Ия;</p> <p>2) <u>Жок:</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>Ия:</u></p> <p>2) <u>Жок:</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең:</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>Ия:</u></p>	<p>Ізденушінің қорғауға шығарылған негізгі қағида-тұжырымдары бірнеше ғылыми тұжырымдарға негізделген.</p> <p>1 қағида-тұжырым бойынша: диссертациялық жұмыста Кентау қаласының мысалында соғыстан кейінгі жылдары бой көтерген Қазақстанның моноқалаларының салынуына себеп болған тарихи алғышарттар дәйектелді. Сонымен қатар, ресми деректерде айтылып жүргендей, Кентау шарының құрылысы ол қала мергебесін алған 1955 жылдан емес, Мырғалимсай жұмысшы кенті болып тұрған 1948 жылдан басталғаны дәлелденеді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағида-тұжырым жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 «Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның өндірістік шарғын қалаларының қалыптасуы» («Қазақ тарихына жаңа көзқарас» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция Материалдары. – Алматы, 2018. – 295-301 бб.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>2 қағида-тұжырым бойынша: Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектура-тарихи талдау жасап, автор оның өнеркәсіп маңызындағы «жоспарлы қала» (плановый город) болғандығын тұжырымдайды. Яғни, Кентау қаласының</p>

	2) Жок:	<p>инфрақұрылымы мен архитектураcы бастапқыдан қала түзуші басты кәсіпорын саналатын Апысай полимерталл комбинатының мүддесіне сай жоспарлы түрде дамытылған.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа.</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен.</p> <p>7.5 «Кентау қаласының инфрақұрылымы мен архитектуралық келбетінің қалыптасуы (1950-1970 жж.)» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы- Тарих және әлеуметтік -саяси ғылымдар сериясы.- 2017. – №4 (55). – 300-306 бб.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>3 қағидаг бойынша, автор Кенестік кезеңде жарық көрген еңбектерде айтылғандай Кентау қаласының құрылысы одақтың түрлі өңірлерінен қоғамдық шақыртулар негізінде келген комсомол жастарының көмегімен ғана салынбағанын, Кентау қаласын салуға күштеп жер аударылған халықтар мен соғыс тұтқындарының еріксіз еңбегі кенінен пайдаланылып, жергілікті қазақ халқының қажырлы еңбегі жұмсалғанын дәлелдейді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Forced labor of deported peoples in the industry of Southern Kazakhstan (the example of Kentaу city)» (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы – Тарих сериясы. – 2018. – №1 (88). – P.103-111) мақаласында дәлелденген.</p> <p>4 қағидаг бойынша: Кентау қаласында мақсатты түрде жүргізілген кенестік неке-отбасы саясатының нәтижесінде отбасылық дәстүрлер түбегейлі өзгерістерге ұшыратаны, жергілікті тұрғындардың ұлттық салт-дәстүрлері «ескіліктің қалдықты» ретінде күнделікті өмір кеністігінен ығыстырылып, «кенестік жаңа заманға» сай отбасылық құндылықтар жүйесі кенінен насихатталғаны дәйектеледі. Көп балалы дәстүрлі отбасылардың орнын қалалық өмірге негізделген шағын отбасылар басты және ата-әже институты әлсіреді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p>
--	---------	--

		<p>7.3 Кағидаг жана</p> <p>7.4 Колдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Кентау қаласының кенестік кезеңдегі күнделікті өмірінің демографиялық аспектілері» (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы – Тарих сериясы. – 2018. -№2 (89). – 234-241 бб.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>5 қағидаг бойынша: 1960 жылдың ортасына дейін Кентау қаласы тұрғындарын азық-түлік, баспана және тұрмыстық тауарлармен қамтамасыз ету жүйесінде бірқатар қиындықтар орын алғаны сараланады. Бірінші кезекте шикізатқа негізделген өндірісті дамытуға баса мән беріліп, халықтың тұрмыстық және әлеуметтік мәселелері кейінгі орындарға ығыстырылды. Қала тұрғындарының күнделікті өмірінде өз қолдарымен киім-кешек тігу, тұрмысқа қажетті үй жиһаздарын жасау, өз күшімен жеке тұрғын үй салу тәжірибесі кен тараған. Кенестер Одағын дүр сілкіндірген «Теміртау оқиғасынан» кейін ғана елімізде жанадан бой көтеріп жатқан индустриалды қалалардың шиеленісті тұрмыстық мәселелеріне тиісті көңіл бөлініп, орталықтанған жүйе бойынша жабдықтағала бастаған.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жана</p> <p>7.4 Колдану денгейі кен</p> <p>7.5 «1955-1991 жылдары Қазақстанның өнеркәсіптік қалаларындағы кенестік тұрғын-үй саясаты (Кентау қ. материалы бойынша)» (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы – Тарих сериясы. – 2017. -№4 (87). – 98-107 бб.); «Food supply of residents of an industrial city in the context of everyday life of the 1940s-1980s (on the example of the Kentaу city)» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы – Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы. – 2023. – №2 (77). – Р.304-312.) мақалаларында дәлелденген.</p> <p>6 қағидаг бойынша: Кентау қаласының негізгі тұрғындары сырттан келгендерден құралғандықтан, бастапқы кезеңде қылмыстық әрекеттер жиі бой көрсетті. Кентау қаласы тұрғындарының арасында қылмыстық құқық бұзушылық бойынша, алғашқы орында бұзақылық іс-әрекеттер болса, мемлекет мүлкін заңсыз иелену мен талан-тарақта салу екінші орында тұрды. Әсіресе, қала тұрғындары арасында спирттік ішімдікке әуестенудің үлесі, көрші жатқан елдімекендерден жоғары болғаны байқалды. Бұл кенестік</p>
--	--	--

		<p>кезеңде қаладағы өндіріс орындарындағы еңбектің техникаға емес, қажырлы еңбекке негізделгенін және адам өміріне қауіпті болғандығын, әке-шешесі жұмысбасты болғандықтан жасөспірімдер бақылаудан тыс қалғандығын көрсетеді.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Колдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Features of the organizing leisure in small towns of Kazakhstan in 1955-1991 (based on the materials of the Kentaу)» (Proceedings of the II International Scientific and Practical Conference «Modern Methodology of Science and Education». February 19, 2018, Warsaw, Poland). – P.14-18) мақаласында дәлелденген.</p> <p>7 қағидаг бойынша: Кентау қаласының жұмысшылар тұратын орталық аудандарға ерекше мән беріліп, жергілікті ұлт өкілдері тұратын шеткі ауылдардың (<i>Ханитғы, Бала-Бүргем, Ақысай</i>) халқының қажетті инфрақұрылым жүйесінен (ауыз су, байланыс, жылу) тыс қалғаны дәйектеледі. Сонымен бірге өнеркәсіп орындары мен қаланың бір-біріне тым жақын орналасуы экологиялық мәселелерді шиеленістіріп, шикізатқа негізделген тау-кен өнеркәсібінде тиісті санитарлық талаптардың толық сақталмауы – қала тұрғындарының арасында кәсіби аурулардың (силликоз, туберкулез, шұғыл және діріл ауруы т.б.) кенінен таралуына себепші болды.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жаңа</p> <p>7.4 Колдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Кенестік кезеңдегі қалалардың күнделікті өмірін зерттеудің өзекті мәселелері» («Әлемдік тарих ғылымының дамуы: тарих тәртіптері мен алытернативалар» атты ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары Алматы, 2017. – 258-260 бб.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>8 қағидаг бойынша: Кентау қаласында кенестік дәуірде жүргізілген білім беру саласында реформалар тек жас жеткіншектердің ғана емес, жаппай сауатсыздықты жою науқаны арқылы ересек азаматтардың да өміріне ықпал жасайды. Алайда қаладағы білім беру мекемелері мен мектепке дейінгі</p>
--	--	---

		<p>Мекемелердің барлығы дерлік тек орыс тілінде оқытуы қазақ әйелдерінің өндірісте немесе басқа мекемелерде жұмыс істеуіне кедергі болды.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаат жана</p> <p>7.4 Колдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Повседневная жизнь населения города Кентау во второй половине XX века» (Материалы международный научно-практической конференции «Мирзо Улутбек великий ученный-мыслитель и государственный деятель») (Г. Ташкент, 2023. – С.348-353); «Қазақстанның өндірістік қалаларында жүргізілген кеңестік ұлт саясатының тарихи астарлары (Кентау қ. мысалында)» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы-Тарих және әлеуметтік – саяси ғылымдар сериясы. – 2018. – №4 (59). – 399-406 бб.) мақалаларында дәлелденген.</p> <p>9 қағидаат бойынша: кеңестік кезеңде Кентау қаласында жергілікті ұлттардың салт-дәстүрі, тілі т.б. ұлттық құндылықтары «ескіліктің сарқыныпаяғы» деген айдар тағылып, халықтың күнделікті өмір кеңістігінен ығыстыру саясаты белен алған. Қаладағы билік органдары мен өндіріс орындарында «біртұтас кеңес халқын» қалыптастыру мүддесіне қызмет ететін орыс тілінде ғана іс жүргізілді. Көп ұлтты қалалық ортаның күнделікті өмір кеңістігінде басқа кіші халықтардың тілдерімен қатар жергілікті қазақ тілі де қолданыстан біртіндеп шеттетілді және отбасы ішінде ғана пайдаланылатын тұрмыстық тілге айналды. Сондықтан қала тұрғындарының этникалық бірегейлігі барған сайын әлсіреп, олардың бойында «біртұтас кеңес халқына» тән жана құндылықтар жүйесі бекем орныға бастаған.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаат жана</p> <p>7.4 Колдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Қазақстанның өндірістік қалаларында жүргізілген кеңестік ұлт саясатының тарихи астарлары (Кентау қ. мысалында)» (Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы-Тарих және әлеуметтік -саяси ғылымдар сериясы.- 2018. - №4 (59). – 399-406 бб.) мақаласында дәлелденген.</p> <p>10 қағидаат бойынша кеңестік дәуірде Кентау қаласы аумағындағы өндіріс</p>
--	--	--

		<p>орындары жұмысшылардың басым көпшілігі жергілікті ұлт өкілдерінен құралғанмен, басшылық құрам сырттан келген мамандардан жасақталды. Өнеркәсіпте жергілікті ұлт өкілдеріне немісқұрайлы қарау және шеттегу белен алды. Өндіріс орындарындағы жауапты қызметтерге мамандарды сырттан әкелу – коммунистік партияның қазақ халқына жасаған шынайы қамқорлығының көрінісі деп деріптелді. 1965 жылы Ащысай полиметалл комбинатындағы 43 қазақ инженерінің жоғары басшылыққа жеткізіген наразылығынан кейін, орталықтың өнеркәсіп саласындағы ұлт саясатының келеңсіз көріністері бүкіл ел көлемінде ашыққа болды.</p> <p>7.1 Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жана</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Становление основ промышленного производства Казахстанского города Кентау» (Вопросы национальных и федеративных отношений. 2022. Том 12. №9 (90). – С.3263-3271) мақаласында дәлелденген.</p> <p>11 қатидат бойынша: кенестік кезеңде Кентау қаласы тұрғындарының бос уақытын арнайы мәдени-тынығу мекемелерінде (клуб, кинотеатр, кітапхана, қызыл мүйіс т.б.) өткізудің билік органдары қадаталап отырды. Аталмыш мәдени-тынығу орындары арқылы жергілікті партия ұйымы идеологиялық қызметін жүзеге асырып, қала тұрғындарын коммунистік қоғам мақсаттарына сай тәрбиелеуге тырысты. Идеологиялық бір сарынды мәдени-тынығу шараларынан мезі болған қала тұрғындары демалысын өз беттерінше өткізуге талпынды. Тұрғындардың дәстүрлі емес мәдени-тынығуы – спорттық жарыстарға бару, табынат аясында демалу, қонаққа бару, дини және ұлттық мерекелерді бірлесіп тойлау арқылы іске асырылды.</p> <p>1. Қорғауға ұсынылған тұжырымдары ғылыми негізделіп, дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды емес.</p> <p>7.3 Қағидаг жана</p> <p>7.4 Қолдану денгейі кен</p> <p>7.5 «Features of the organizing leisure in small towns of Kazakhstan in 1955-1991 (based on the materials of the Kentaу)» (Proceedings of the II International Scientific and Practical Conference «Modern Methodology of Science and Education». (February 19, 2018, Warsaw, Poland). – P.14-18) мақаласында</p>
--	--	---

8	<p>Дәйектілік принципі Деректер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) Ия: 2) Жок:</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) Ия: 2) Жок:</p>	<p>дәлелденген.</p> <p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында әдістеменің таңдауы негізделген және әдіснама нақты жазылған. Кенестік кезіндегі Кентау қаласы тұрғындарының күнделікті өмір тарихын зерттеу барысында автор пәнаралық принципті басты әдіснамалық бағдарға айналдыра алған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдана отырып алынды. Автордың жұмысында жалпы теориялық принциптер мен зерттеу әдістері де, күнделікті тарих пен тарихи урбанистика мәселелерін зерттеуде қолайлы жеке әдістер де қолданылған.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) Ия: 2) Жок:</p>	<p>Қорғауға ұсынылып отырған диссертация гуманитарлық бағыт бойынша дайындалған. Сондықтан, эксперименттік зерттеулерді талап етпейді.</p>	

	<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен Расталған/ ішінара расталған/ расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/ жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияның мазмұны және ондағы берілген мәлімдемелер нақты табылады және сенімді ғылыми әдебиеттер мен архив құжаттарына сілтемелер жасалған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Автор жұмыста көптеген деректерді, оның ішінде отандық және шетелдік архив материалдарын (ҚР, РФ), жарияланған деректерді, мерзімді басылымдардың материалдарын, статистикалық деректерді, естеліктерді және т. б. пайдаланған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 304 библиографиялық сипаттамадан тұрады.</p>
<p>9 Практикалық құндылық принципі</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық манызы бар: 1) Ия: 2) Жок:</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) Ия: 2) Жок:</p>	<p>Зерттеу жұмысының теориялық манызы бар. Ізденуші өзінің тақырыбына қатысты түсініктерді және олардың мазмұнын, құрылымын толықтай ашып көрсеткен. Зерттеудің теориялық маныздылығы қазіргі заманғы тұжырымдамалық теориялар мен тәсілдер негізінде ХХ ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы урбанизация процесін ретроспективті және объективті талдауда жатыр.</p> <p>Диссертацияның практикалық манызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық зерттеудің қорытындылары мен ұсынымдары студенттердің, магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында, сондай-ақ диссертацияның кейбір ережелері қалалардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының нақты бағдарламаларын әзірлеуде қолданылуы мүмкін. 2018 жылдан бастап осы докторлық диссертацияға «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсы аясында тарих факультетінің білім беру бағдарламалары үшін оқу процесіне енгізу актісі бар.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) Толығымен жаңа: 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады): 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады):</p>	<p>Диссертацияда берілген ұсыныстар толығымен жаңа болып есептеледі.</p>

10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен; <p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Зерттеудің академиялық жазу стилі нақты құрылыммен, тұжырымдары, ғылыми фактілері айқындылығымен, мәтінде грамматикалық және стилистикалық қателердің болмауымен сипатталады.</p> <p>Дегенмен, ұсыныстық сипаттағы ескертулер бар. Бірақ, олар диссертацияның денгейі мен сапасын төмендетпейді. Біріншіден, осы проблема бойынша кенестік тарихнаманы Отандық тарихнама тобындағы еңбектерден жеке бөлек қарастыру керек еді. Кенестік тарихнаманың тарихи материалға талдау жасауда Отандық тарихнамадан ерекшеленетін өзіндік әдіснамасы, принциптері мен бағалау негіздері болды.</p> <p>Екіншіден, «Бірсағалы шағын қаладағы отбасылық өмірдің ерекшеліктері» атты 2.3 бөлімдегі 9 және 10 кестелерде, 1959 және 1970 жылдардағы некелесу және ажырау көрсеткіштерін қарастыруғанда, туу және өлім көрсеткіштерін көрсетіп керек емес еді.</p>
----	---------------------------	---

Пазилов Ержан Джаркинбаевичтің «Кенестік кезіндегі Кентау қалағы тұрғындарының күнделікті өмір тарихы (1948-1991 жж.)» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дарежелер беру қатидаларының» 2-тармағында көрсетілген диссертациялық талаптарына толық сәйкес келеді деп есептеймін. Сондықтан 6D020300 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді ұсынамын.

Ресми рецензенті:

Т.Ғ.К., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры



К.К. Абдрахманова

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

Аманжол
Тасымал кәсімі
Дүртмұра 99 С. Шиб
14. 11. 2025 а.